

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем»бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Қасымбекова Гулзакира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	13.03-17.03.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Даму орталықтарында кезекшілікті ұйымдастыру.
	"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау,	"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа	"Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, қағаз қиындыларынан киіз үйді құрастыру.	Ұлттық ойын. Хан алшы «Хан алшы» — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойынының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала қатысады. Көп асықтың ең ірісі	Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, білгілі қимылдарды жасауға үйрету; дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге

	білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	тәрбиелеу. (математика негіздері)	Педагог: - Балалар, қазір біз "Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты: алдарыңда киіз үйді құрастыратын қиындылар бар. Мен ретімен киіз бөліктерін атап отырамын, сендер ойланбастан сол бөлікті тез алып, қағаз бетіне қойып, құрастырып шығасындар. Кідіріп қалған жұмыстар есепке алынбайды. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға киіз үй бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.	қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, ойын бастаушы «Хан асығымен» оларды көздеп, құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы қалыптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. Егер ойын бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында, «Хан асығы» кімнің қасында қалса, сол	баулу. - Дастархан дайын болса, (алақандарды өзара уқалау) Қонақтарға жайылса. (шапалақтау) Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан қосып, кесе ұқсас пішінді құру) Суыды ма, қарайық. (жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі жағына үрлеу) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
--	--	--	---	---	--

			(жапсыру)	бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады. (дене шынықтыру)	
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары. 1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. 1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру. 2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату. 2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою. Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек. 3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу. 3.1 Бастапқы қалыпқа оралу. 4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. 4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Құралдар: сабын. <i>Көркем сөз</i> Сиқырлы ғой қасығым,				

	Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. <i>Салт-дәстүр. Наурыз көже</i> Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетені мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Зат іздеу". Мақсат-міндеттер. Ойынға қатысатын балалар бөлмеден шығады. Осы уақытта кішкентай бір затты (сақина, өшіргіш) көрінетін жерге қойыңыз. Балалар бөлмеге кезектесіп кіреді; оларға бөлмені айналып шығып, қандай жаңа зат пайда болғанын атауға мүмкіндік беріледі. Тапсырманы	«Әдепті сөздер шеңбері» Ойынның мақсат-міндеттері: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	«Менің көңіл-күйім» Ойынның мақсат-міндеттері: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды,	Шаттық шеңбері Балалар бір-біріне қарама-қарсы тұрып, ұл балалар құшақтасып, қыз балалар қол алысып Наурызға арнап өз тілектерін білдіреді. Наурыз мерекесі құтты болсын! Ақ көп болсын! Жақсылық мол болсын! Береке - бірлік болсын! (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)

	Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй болып көрінер. (сөйлеуді дамыту)	орындай алмаған бала айып ұпаймен келесі айналымға өтеді. (танымдық дағдылар)		сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл- күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады. Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	Дене шынықтыру "Наурыз келді, алақай!" Мақсат-міндеттер.	Дене шынықтыру "Наурыз құтты болсын!" Мақсат-міндеттер.	Музыка "Көктем келді, алақай!" Мақсат-міндеттер.	Дене шынықтыру "Наурыз мерекесі келді". Мақсат-міндеттер.	Қазақ тілі Наурызым, армысың! «Наурыз мейрамы» тақырыбына

іс-әрекет	Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен бір-бірінің қолынан ұстап жүгіруге үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету.	Балаларда тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын жетілдіру	Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен) ойнау қабілеті мен дыбысты есту қабілетін дамыту.	Балаларда көлбеу қойылған тақтай үстінде жүруге үйрету; бір орыннан ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту; негізгі қасиеттерді-шапшаңдық, ептілікті дамыту; құм салынған қапшықшаны оң және сол қолымен алысқа лақтыру дағдыларын дамыту.	байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, Наурыз тойының нышандарын білдіретін барлық сөздерді қолдануды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін	Теректің бүршігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу,	Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған	Көктем кезіндегі аспанды бақылау. (қоршаған ортамен	Құрылыс жабдықтарын бақылау. (қоршаған

	бөлік". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет,	сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: учаскедегі ағаштармен танысуды жалғастыру; бүршік жапырақтың үйі деген түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бұтақтар мен ескі жапырақтарды жинау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты насихаттау, бір-бірімен сөйлесу қуанышын сезіну. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп секір", "Кім жол бойымен	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. (еңбекке баулу) Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау. Қимыл-қозғалыс	танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балаларға аймақты қардан тазартуға көмектесу). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту; ересектердің еңбегіне құрмет сезімін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу (ағашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбекке және табиғатқа құрметпен қараудың үлгісін көрсету.
--	--	--	---	---	---

	тыныс алу қимылдарын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.	жылдам жүгіреді?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ұшу кезінде жақсы секіру техникасына қол жеткізу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру техникасын жетілдіру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бөренемен жүру кезінде тепе-теңдік дағдыларын бекіту.	ойындары: "Айна", "Күн мен түн". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру.	бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ормандағы аю", "Лақтырып, ұстап ал". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты жақсарту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру. Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту. (дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемейу.				

	Құралдар: сабын. <i>Көркем сөз</i> Сиқырлы ғой қасығым, Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. <i>Салт-дәстүр. Наурыз көже</i> Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдар иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Дастарханды жаямыз" Мақсат-міндеттер. Балаларды Наурыз мейрамына қатысты қонақты күту	Құрастырудан ойын-жаттығу "Үй салайық". Мақсат-міндеттер. Балаларға кірпіштерді еден қалпында жатқан екі қос білеудің үш жағы бойына тігінен	"Дастарқанды жаямыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға үстелге қойылатын ыдыстар мен азық-түліктерді атап айтқызу, қонақ	"Қонақ күтеміз" сөздік жаттығуы. - Мінекей, қонақтар келіп қалыпты. Олар сендерге шашу сыйлайды. Кәмпиттен шашу жасау. Балалар кәмпиттерді	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Наурыз гүлдері". Мақсат-міндеттер. Балалардың наурыз гүлдерін бақылай отырып, олардың қар астынан пайда

	рәсімімен таныстыру, ыдыстардың атауларын қайталау; «сиқырлы» сөздер мен әдептіліктің қарапайым ережелері жөнінде мағлұмат беру.	қойып, қабырғаларды қалап, үстінен екі призмамен, шатырмен жауып, үй құрастыруға үйрету; құрастыру барысын, құрылыс материалдарының қалпын үнемі түзеп отыруға бейімдеу.	күту дәстүрімен таныстыру. Барысы: балалардың алдында дастарқанды жаю тәртібі көрсетіледі. Бір бала шақырылып педагогтің тапсырмасын орындайды. Кезекпен дастарқанға қойылған ыдыстар аталып, қажеті анықталады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	теріп алғаннан кейін, орындарына отырады. - Ал, қонақтар, мерекелі дастарханнан дәм татып, шай ішіндер! (шай құюды көрсету) - Балалар, мен Данаға: "Дана, бауырсақ же" - деп ұсынамын. - Салтанат, сен қонжыққа не дейсің? "Қонжық, шелпек же! Ас болсын!" - Іңкәр (Батыр, Жомарт), Данаға (қонаққа) сен не дейсің? Дұрыс, шай іш (бауырсақ же). (сөйлеуді дамыту)	болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Наурыз гүлдері туралы білімдерін қалыптастыру.
Балалармен жеке жұмыс	"Сүттен жасалатын тағамдарды ата" дидактикалық ойыны.	"Әдептілік" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.	"Биші" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.	"Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер:	"Наурыз" тақпағын жаттау Қарды ерітіп жылғасы,

	Мақсат-міндеттер: балалардың сүттен жасалатын тағамдарды ажырату іскерліктерін дамыту. – Балалар, қазір біз "Сүттен жасалатын тағамдарды ата" ойынын ойнаймыз. Ол үшін екі топқа бөлінесіңдер. Орындықтарға жайғасып алыңдар. Енді, мен музыканы қосамын, сол музыка аяқталғанша, сендер топпен ақылдасып, қандай сүттен жасалатын тағамдар бар, соларды атайсыңдар. Қай топ тағамдар санын көп айтады, сол топ жеңеді. Жақсы ойнаған топтың балаларына қазақтың ұлттық киімдері бейнеленген	"Әдептілік" (Өмірбай Өмірзақов). Рұқсатсыз бақшаға, Бақыт тіпті бармайды. Көрнеу қойған ақшаға, Суық қолын салмайды. Айтқан ақыл өзінің Есінен бір кетпейді. Жолда үлкен кісінің Алдын орап өтпейді. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Биші" (Тоқбай Исабеков). Биле, Алмашжан, билеші, Әжең көріп, жасарсын. Билей берсең күнде осы, Шара апаңнан асарсың. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	судың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру. - Балалар, қазір біз "Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты мынадай: мен "Су" дегенде судың қасиеттерінің біреуін орындарыңнан тұрып айтасыңдар. Екі топқа бөлініп, жауап беруге дайындалыңдар. Қай топ жылдам, әрі дұрыс жауап берсе, сол топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог ойынды өзі басқарып отырады. Жақсы орындаған топтың балаларына сарқырама бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.	Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз. Тәтті болып жасалған Наурыз дәмін татамыз. Б. Жақыпов (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
--	---	--	--	--	---

	таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог: – Балалар, маған портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші! Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)			(қоршаған ортамен танысу)	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Құралдар: сабын. <i>Көркем сөз</i> Сиқырлы ғой қасығым,				

	Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. <i>Салт-дәстүр. Наурыз көже</i> Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (көктем мезгілі, ауа райы, көктем мерекелері, наурыз мерекесі, салт-дәстүр) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)

	Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (танымдық дағдылар, математика негіздері) Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелелесу.	Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.	Жаднама. "Біз балаларға ертегілер оқимыз".	Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова